



Қазақстан Республикасы
Білім және ғылым министрлігі

Білім беру ұйымдарында қамқоршылық кеңестің жұмысын ұйымдастыру және сайлау

Қамқоршылық кеңес

Қамқоршылық кеңес- қоғамның білім саласын басқаруға қатысу формаларының бірі. Бұл білім саласын, не болмаса нақты бір білім беру мекемесін дамытуға мүдделі адамдарды ерікті негізде біріктіретін мемлекеттік емес, коммерциялық емес, қоғамдық ұйым.

Қамқоршылық кеңес — тек қолдау мен қаржыландыру ғана емес, білім беру ұйымдарының, ең маңыздысы — азаматтық қоғамның билікпен диалог құру құралы. Қамқоршылық кеңесінің құқықтық статусы екі түрде орнатылуы мүмкін: ол заңды тұлғаны құру жолымен де, құрмай-ақ та қызмет жасай алады.

Қамқоршылық кеңесінің мақсаты:

1. Білім беру ұйымына қолдау көрсету /оның жарғылық функцияларының іске асырылуына, қаржылық қолдауды қамсыздандыруда, материалдық-техникалық базасының нығайуына септесу/
2. Білім беру ұйымының қызметіне қоғамдық бақылау жүргізу.

Қамқоршылық кеңесі жұмысының бағыттары:

- ▶ Білім беру ұйымының білім беру, әлеуметтік-мәдени, сауықтыру, дамыту бағыттарындағы іс-шараларды ұйымдастыруға көмек көрсету
- ▶ Әлеуметтік тұрғыдан әлсіз қамтылған отбасыларынан шыққан оқушылардың тұрмыстық жағдайлары мен жұмыспен қамтылуын жақсарту
- ▶ Білім беру ұйымының қызметіндегі кемшіліктерді жоюға бағытталған ұсыныстарды енгізу
- ▶ Білім беру ұйымы басшылығының Қамқоршылық кеңесі алдындағы есебін тыңдап-қабылдау.

Қамқоршылық кеңесінің құрамына кімдер болуы мүмкін :

- ▶ Жергілікті атқарушы және құқық қорғау органдарының өкілдері
- ▶ Жұмыс берушілер мен әлеуметтік серіктестер өкілдері
- ▶ Коммерциялық емес ұйымдардың өкілдері
- ▶ Білім беру мекемесінің әрбір сыныптары қатарынан ата-аналар комитеті ұсынған бір-бір ата-ана немесе заңды өкіл
- ▶ Қайырымдылық жасаушылар (спонсорлар)

Қамқоршылық кеңесінің функциялары:

Білім беру ұйымының жарғысына өзгерістер және толықтырулар енгізу туралы ұсыныстар әзірлейді

Білім беру ұйымын дамытудың басым бағыттары бойынша ұсыныстар дайындау

Қайырымдылық көмек тарту және білім беру ұйымының оны жұмсау мен мақсатты бөлу жөніндегі шешімдерін мақұлдау

Білім беру ұйымы қызметіндегі Қамқоршылық кеңесінің айқындаған кемшіліктерді жою жөніндегі ұсыныстарды енгізу

Білім беру ұйымы басшысының мекеме қызметі бойынша есебін (қайырымдылық көмектің жұмсалуды, жетім және ата-ана қамқорлығынсыз қалған балалардың жағдайлары жөнінде, т.с.с.) тындау

Білім беру ұйымының оқушылары мен тәрбиеленушілеріне жасалған жағдаймен таныс болу, мектеп психологын қатымтыра отырып әңгімелесу